Бөлім:	6.1VI - IX ғасырлардағы Қазақстан
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Махамбетова Ардақ
Күні:	14.10.2026 (6D) 16.10.2026 (6E) 15.10.2026 (6G) 15.10.2026 (6J) 14.10.2026 (6H)
Сынып: 6D,6E,6G,6J,6H	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Түркі әлемі қалыптасуының басталуы. Зерттеу сұрағы: Түрік тілдес халықтардың миграциясы Еуразия тарихына қаншалықты әсерін тигізді?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	6.3.2.1тарихи оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы түркі тілдес тайпалардың миграциясын түсіндіру;
Сабақтың мақсаты	Оқушылар: Ортағасырлардағы түркі тілдес халықтардың миграциясының саяси себептерін сипаттайды;
Құндылықтар	Тәуелсіздік және отаншылдық
Апта дәйексөзі:	Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	Бастапқы ынталандырушы материал ретінде «миграция», «қоныстану» ұғымдарын сипаттайтын суреттер топтамасын келтіріңіз. Келтірілген суреттер бойынша сыныптық талқылау ұйымдастырыңыз: • Суреттерден не көріптұрсыздар? • Қалайойлайсыздарберілгенсуреттер дібайланыстыратынортақ ой қандай? • Миграциядегеніміз не?Не себептіадамдарбірелдімекенненекіншіөңіргеқоныстанады? • Миграция үшінқандайсебептерболады? Презентацияның көмегімен оқушыларды жаңа тақырыппен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерилерімен таныстырыңыз.	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	«Миграция», «қоныстану» ұғымдарын сипаттайтын суреттер Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ 1-тапсырма. Ортағасырлардағы түркі тілдес халықтардың қоныстануын түсіну мақсатында оқушыларға тарихтағы алғашқы жаппай қоныс аударуға	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды	ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар

<table>
<tr>
<td>10 минут

5 минут</td>
<td>арналған материалдың қысқаша талдауын қарастыруды ұсыныңыз
1-Ғұндардың қоныстану территориясын сипаттаңыз.
2- Ғұндардың қоныс аудару себептерін анықтаңыз.
3-Көшпелілердің миграциясы Батыс пен Шығыс елдеріне қалай әсер еткенін түсіндіріңіз.
ЕБҚ оқушыға дереккөздің форматын үлкейтіп, қолдау
2-тапсырма.
Халықтардың алғашқы жаппай қоныстануын анықтаған соң ортағасырлардағы миграция үрдісін зерттеуге кірісіңіз. Оқушылардан Қазақстан территориясында өмір сүрген ертеортағасырлық мемлекеттерді атауды өтініңіз. Оқушыларға түркі халықтарының миграциясын зерттеп, талдауды ұсыныңыз.
1-Түрік қағанатының қоныстануының себептері мен барысын талдайды;
2-Оғыз бен қимақтардың қоныстану жолдарын анықтайды;
3-Қыпшақтардың кеңею территориясын және Дешті Қыпшақ державасының пайда болуын сипаттайды..
Алған білімді төмендегі сұрақтардың көмегімен бекітіңіз:
1. Миграциялық үрдістің нәтижесінде қандай өзгерістер орын алды?
2.Қандай себептердің әсерінен миграция орын алады? Оқушыларды сабақтың басында жұмыс дәптерлеріне жазылған болжамды миграция себептерін салыстыруды ұсыныңыз. Қандай себептер сәйкес келді? Бұдан қандай қорытынды жасауға болады?
ЕБҚ: оқушыға тапсырманың нақты бір бөлігін ерекшелеп көрсетіп беріледі.
Интерпретация
Миграция себептерін бекіту мақсатында тақтаға немесе қабырғаға А1 форматындағы ватманды іліп, оған миграция себептері көрсетілген кестені сызып қойыңыз.
<table><tr><td>Миграцияның саяси себептері</td><td>Миграцияның әлеуметтік-экономикалық себептері</td><td>Миграцияның мәдени себептері</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Оқушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды.
Оқушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады

.
Тапсырманы орындауға арналған критерилер:
1. Миграция себептерін анықтаңыз;
2. Қоныстанудың нәтижесінде саяси өзгерістерді сипаттаңыз;
3. Миграциядан кейінгі халықтардың қоныстану</td>
<td>отырады

«Ең үздік жауап»

«Алақан-жұдырық»

«Жұлдызшалар»</td>
<td>Суреттер

Тірек-сызбалар

Кесте

Карта

ҚБ парағы</td>
</tr>
</table>

10 минут	Оқушылар Еуразиядағы түркі халықтарының миграциясының екі саяси себебін талқылап, анықтауды ұсыныңыз. Оқушылар саяси себепті жазып, кестеге орналастыруды өтініңіз. Оқушыларға бұл сабақта сіздер тек миграцияның саяси себептерін ғана қарастырғанын түсіндіріңіз. Сәйкесінше келесі сабақта осы кестемен жұмыс жалғастырылады. Келесі сабақта оқушылар миграцияның әлемуеттік-экономикалық, мәдени және т.б. себептерін анықтайды. ЕБҚ: оқушыға жеке жұмыс кезінде қасындағы сыныптастары және мұғалім диалог арқылы қолдау жасайды	аймағының кеңейген территориясын анықтаңыз.		
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс « Білімді стикер». Мына сұрақтар бойынша жауап береді. - Не білдім? - Не білемін? - Не білгім келеді?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлері мен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Түркі әлемі қалыптасуының басталуы			